


КӨШІРМЕ



Бекітілді
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік мүлік және
жекешелендіру комитеті
төрағасының
2016 жылғы «19» ақпандағы
№ 195 бұйрығымен

**«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
Жарғысы**

КЕЛЕСІ БЕТТІ
ҚАРАҢЫЗ

24/1-

1. Жалпы ережелер

1. «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» (бұдан әрі - Орталық) коммерциялық емес акционерлік қоғамының осы Жарғысы, оның атауын, орналасқан мекен-жайын, органдарын құру тәртібі мен құзырын, қызметінің қайта құрылуы мен таратылуы жағдайлары және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де ережелерді айқындайды.

2. Орталық Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, өзінің дербес балансы, банктік шоттары бар, өзінің атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтарды сатып алуға және жүзеге асыруға, жауапкершілікке тартылуға құқылы, міндеттер артуға, сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы.

3. Орталық коммерциялық емес (пайда табуды көздемейтін) ұйым ретінде құрылды, оның табысы тек қана Орталықтың дамуына пайдаланылады.

4. Орталық қызметін іске асыру үшін қажетті мөрі, өз атауы көрсетілген бланкілері мен басқа да реквизиттері бар.

5. Орталық өз қызметінде Қазақстан Республикасы Конституциясын, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексін, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі – Заң) және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері мен осы Жарғыны басшылыққа алады.

6. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілермен көзделген тәртіп бойынша Орталық оның мекен-жайынан тыс жерде орналасатын, заңды тұлға болып саналмайтын және олар туралы Ереже негізінде Орталықтың атынан және оның тапсырысымен қызмет ететін филиалдарды (өкілдіктер) құруға құқылы.

2. Орталықтың атқарушы органының атауы және орналасқан мекен-жайы

7. Орталықтың толық атауы:

1) мемлекеттік тілде – «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

2) орыс тілінде – некоммерческое акционерное общество «Центр поддержки гражданских инициатив»;

3) ағылшын тілінде – non - profit joint stock company «Center for supporting civil initiatives»;

8. Орталықтың қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде – «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» KEAҚ;

2) орыс тілінде – НАО «Центр поддержки гражданских инициатив»;

3) ағылшын тілінде – JSC «Center for supporting civil initiatives».

9. Орталықтың (оның Басқармасының) мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, 15 кіреберіс, 3 қабат, 241 кабинет.

3. Орталықтың құрылтай құжаттары

10. Орталықтың құрылтай құжаты осы Жарғы болып табылады.

11. Барлық мүдделі тұлғалар Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте Орталықтың Жарғысымен танысуға құқылы.

4. Орталық қызметінің негізгі мәні және түрлері

12. Орталықтың негізгі мәні ретінде үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік және мемлекеттік емес гранттар беру, олардың іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру болып табылады.

13. Орталық қызметінің түрлері болып:

1) Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдарына бөлінетін қаражат бойынша мәліметтерді жинақтау және талдау;

2) үкіметтік емес ұйымдар арқылы мемлекеттік және мемлекеттік емес гранттардың іске асырылу тиімділігіне мониторинг жүргізу және бағалау;

3) мемлекеттік және мемлекеттік емес гранттарды қалыптастыратын және іске асыратын мемлекеттік органдарға ақпараттық, консультациялық, әдістемелік қолдау көрсету;

4) қазақстандық үкіметтік емес ұйымдардың қызметі туралы мәліметтер базасын қалыптастыру және маңызды ету;

5) әлеуметтік саланы дамытудың өзекті мәселелерін шешуге азаматтық қоғам институттарының әлеуетін тарту;

6) қоғамдық бақылауды дамыту мақсатында гранттарды іске асырылуының барысына мониторинг жүргізу үшін сарапшыларды тарту;

7) гранттарды беру тетігін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласында уәкілетті органға енгізу;

8) гранттарды іске асыру бойынша ақпаратты өз интернет-ресурсында орналастыру;

9) өз қызметінің нәтижелері туралы жыл сайынғы есепті уәкілетті органға ұсыну, сонымен қатар аталған есепті өзінің интернет-ресурсында орналастыру болып табылады.

5. Жалғыз акционердің құқықтары мен міндеттері

14. Орталықтың Жалғыз акционері құқылы:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Орталықтың Жарғысында көзделген тәртіпте Орталықты басқаруға қатысуға;

2) Орталықтың Жарғысында белгінеген тәртіпте Орталықтың қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Орталықтың қаржылық есебімен танысуға;

- 3) Орталықтың тіркеушісінен немесе номиналдық ұстаушысынан бағалы қағаздарға, оның меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
 - 4) Орталық Директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлауға;
 - 5) Орталық органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібімен келіспеуге;
 - 6) Орталыққа оның қызметі туралы жазбаша сауал беруге және Орталыққа сауал түскеннен кейін 30 (отыз) күнпарақ ішінде дәлелді жауаптар алуға;
 - 7) Орталықтаратылғаннан кейін қалған мүліктің бір бөлігіне;
 - 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оның акцияларына айырбасталатын Орталықтың акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын басымдықпен сатып алуға;
 - 9) Жалғыз акционердің заңнамада және осы Жарғыда көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.
15. Орталықтың Жалғыз акционері міндетті:
- 1) акцияларды төлеуге;
 - 2) он күннің ішінде Орталықтың тіркеушісіне және осы акционерге тиесілі акцияларды номиналды ұстаушыға Орталық акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергендігі туралы хабарлауға;
 - 3) Орталық немесе оның қызметі туралы, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жарияламауға;
 - 4) Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес басқа да міндеттерді атқаруға міндетті.

6. Орталықтың және Жалғыз акционердің жауапкершілігі

16. Орталық өз мүлкі шеңберінде міндеттемелері бойынша жауапты артады
17. Орталық Жалғыз акционердің міндеттемелері бойынша жауап артпайды. Жалғыз акционер Орталықтың міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайлардан басқа оған тиесілі акциялар құны шегінде Орталық қызметіне байланысты шығындар тәуекелін тартады.
18. Орталық мемлекет міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сондай-ақ, мемлекетте оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

7. Орталықтың акциялары мен басқа да бағалы қағаздары

19. Орталық акцияларды шығаруді жүзеге асыруға құқылы. Орталықтың бағалы қағаздарды шығару, орналастыру, айналымы және өтелуінің шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының құнды қағаздар нарығы туралы заңнамасымен айқындалады.
20. Орталық жәй акцияларды ғана шығарады.
21. Орталық акцияларын шығару құжатсыз түрінде жүзеге асырылады.

22. Орналастыру (сату) туралы, оның ішінде жарияланған акциялардың саны шегінде Орталықтың орналастырылатын (сатылатын) акцияларының саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен құны туралы шешімді Орталықтың Директорлар Кеңесі қабылдайды.

23. Орталықтың орналастырылатын акцияларына төлеуге Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайлардан басқа жағдайларда акша, мүліктік құқық (оның ішінде зияткерлік меншік нысандарының құқықтары) және өзге де мүлік енгізілуі мүмкін.

Ақшадан басқа, өзге мүлікпен төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет ететін бағалаушы белгілеген құн бойынша жүзеге асырылады.

24. Орталықтың акцияларын ұстаушылар тізілімдері жүйесін жүргізуді Орталықтың аффилирлендірілген тұлғасы және оның аффилиндірілген тұлғалары болмауға тиіс Орталықтың тіркеушісі ғана жүзеге асыра алады.

25. Орталықтың акцияларын ұстаушылар тізілімдері жүйесін жүргізу, сондай-ақ ол бойынша ақпаратты уәкілетті органға беру тәртібі Қазақстан Республикасының құнды қағаздар нарығы туралы заңнамасымен айқындалады.

8. Орталықтың органдары

26. Орталықтың органдары мыналар:

- 1) жоғары орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар Кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма;
- 4) Орталықтың қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган – Ішкі аудит қызметі.

9. Орталықтың Жалғыз акционері

27. Қазақстан Республикасы заңнамасымен акционерлердің жалпы жиналысының құзырына жататын мәселелер бойынша шешімді Жалғыз акционер өзі жеке қабылдайды және ол жазбаша түрде хатталады.

28. Жалғыз акционердің шешімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай шешімді қабылдауға құқыққа ие Жалғыз акционердің органымен, лауазымдық тұлғалар немесе қызметкерлермен қабылданады.

29. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне енгізілген мәселелерге мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органмен белгіленген тәртіпте келісім бойынша қабылданатын шешімдер жатады:

- 1) Орталық Жарғысына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) жарғылық капиталының мөлшерін өзгерту;
- 3) жылдық қаржылық есепті бекіту және Орталықтың таза кірісін есепті қаржы жылына бөлу;

4) Орталыққа тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтерін бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Орталықтың өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

5) директорлар Кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар Кеңесінің тәуелсіз директорларына сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау;

6) Орталықтың ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Директорлар Кеңесі қабылдаған шешімдерді жою.

30. Жалғыз акционердің айрықша құзырына келесі мәселелер жатқызылады:

1) Орталық жарғысында көзделген жағдайдаосы кодексті қабылдау, корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

2) Орталықты ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

3) Орталықтың жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе орталықтың орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

4) Орталықтың бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;

5) Орталықтың жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

6) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттары мен тәртібін айқындау;

7) директорлар Кеңесі сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар Кеңесінің тәуелсіз директорларына олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;

8) атқарушы органның төрағасын тағайындау және оның уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) Орталықтың аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;

10) Орталықтың таза табысын есептік қаржылық жыл бойынша үлестіру тәртібін бекіту;

11) Орталық акцияларына ерікті делистинг жүргізу туралы шешімді қабылдау;

12) Орталыққа тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (ат.) арқылы қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

13) акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Орталықтың акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында беру туралы шешім қабылдау;

14) Орталық акцияларды осы Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту);

15) акционерлерге Орталықтың қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу, оның ішінде, егер мұндай тәртіп қоғам жарғысында белгіленбесе, бұқаралық ақпарат құралын анықтау;

16) өзге де мәселелер, олар бойынша шешім қабылдау Заңмен және (немесе) Орталықтың жарғысымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған.

17) Шешім қабылдау Жалғыз акционердің айрықша құзырының жататын мәселелерді басқа органдардың құзырына, Орталықтың лауазымды тұлғаларына және қызметкерлеріне тапсыруға, егер осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде өзгеше көзделмесе, берілмейді;

18) Егер Орталық Жарғысымен өзгеше белгіленбеген болса Жалғыз акционер Орталық органдарының ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша кез- келген шешімді жоюға құқылы.

10. Орталықтың директорлар Кеңесі

33. Директорлар Кеңесі Заңмен және (немесе) Орталықтың Жарғысымен Жалғыз акционердің айрықша құзырына енгізілген мәселелерден басқа Орталықтың қызметінің жалпы басшылығын жүзеге асырады.

Егерде Заңмен және (немесе) Орталықтың Жарғысымен өзге ескерілмеген болса, директорлар Кеңесінің ерекше құзырына келесі мәселелер жатады:

1) Орталық қызметінің басым бағыттарын анықтау және Қазақстан Республикасының заңнамасымен ескерілген тәртіпте Орталық жоспарын бекіту;

2) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (сату) туралы, оның ішінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

3) акцияларды қоспағанда, орналастырылған бағалы қағаздарды Орталықтың сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Орталықтың жылдық қаржылық есебін алдын ала бекіту;

5) директорлар Кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;

6) Орталық облигацияларын және өндірістік бағалы қағаздарын шығару туралы ережелерді анықтау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

7) атқарушы органның сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, атқарушы органның мүшелерін сайлау, олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

8) атқарушы органның басшылары мен мүшелерінің лауазымдық мөлшерлерінің мөлшерін және еңбекақысының төлемі мен сыйлықақы беру шарттарын айқындау;

9) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысын тағайындау, сондай-ақ оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы мен сыйлықақы мөлшерін және оларды төлеу шарттарын айқындау;

10) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттік мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық еңбекақы мөлшерін және оған сыйақы төлеу шарттарын айқындау;

11) аудиторлық ұйымның қызметтеріне ақы төлемінің мөлшерін, сондай-ақ Орталықтың акцияларына төлеуге берілген не ірі мәміле мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушыны айқындау;

12) Орталықтың ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Орталық қызметін ұйымдастыру мақсатында Директор қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және Орталықтың бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

13) Орталықтың филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдерді қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

14) қоғамның басқа заңды тұлғаларының он және оданда көп акцияларды (жарғылық капиталындағы қатыс үлесін) сатып алу (айыру) туралы шешім қабылдау;

15) заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушылар) жалпы жиналысының құзырына кіретін Орталыққа тиесілі он және артық акция пайыздарын (жарғылық капиталындағы қатыс үлесін) мәселелері бойынша шешім қабылдау;

16) Орталық міндеттемелерін Орталықтың меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

17) Орталық немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;

18) Орталықтың қызығушылығы бар ірі мәмілелер және мәмілелер жасау туралы шешімдер қабылдау;

19) Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын Заңда және Орталық Жарғысында көзделген өзге де мәселелер.

32. осы таруадың 33 тармағымен белгіленген тізім мәселелері атқарушы органның шешіміне тапсырылмайды.

33. Директорлар Кеңесі Орталық жарғысына сәйкес оның атқарушы органының құзырына жататын мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешіміне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқылы емес.

34. Директорлар Кеңесі тиісті:

1) лауазымды тұлғалар мен акционерлер деңгейіндегі әлеуетті мүдде қайшылықтарын қадағалауға және мүмкіндігіне қарай болдырмауға, оның ішінде Орталықтың мүлкін заңсыз пайдалануды және мәмілелер жасалған кезде мүдделі жақтың заңсыз әрекеттерін болдырмауға;

2) Орталықты корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігіне бақылауды жүзеге асыруға;

35. Жыл қорытындысы бойынша директорлар Кеңесі Жалғыз акционерге Орталық директорлар Кеңесі туралы ережемен ескерілген тәртіпте атқарылған жұмыс туралы есеп береді.

36. Атқарушы орган басшысы директорлар Кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

37. Директорлар Кеңесі мүшелерінің саны кем дегенде 3 адамды құрауы тиіс. Директорлар Кеңесі мүшелері санынан үштен бірі тәуелсіз директор болуы міндет.

Жалғыз акционердің Директорлар Кеңесін (Директорлар Кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау туралы шешімі сайланған Директорлар кеңесінің мүшелерінен тәуелсіз директор көрсетілу міндет.

38. Директорлар Кеңесінің өкілеттігі Жалғыз акционердің шешімімен аяқталады. Директорлар Кеңесі мүшелерінің өкілеттігі Жалғыз акционердің жаңа Директорлар Кеңесін сайлау туралы шешімді қабылдаған сәттен бастап аяқталады. Жалғыз акционер Директорлар Кеңесінің барлық немесе бөлек мүшелерінің өкілеттігін жедел түрде тоқтатуға құқылы.

Директорлар Кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылуы оның бастамасымен Директорлар Кеңесін жазбаша түрде хабарландыру арқылы тоқтатылады. Директорлар Кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттігі Директорлар Кеңесі аталған хабарландыруды алған сәттен бастап тоқтатылады.

Директорлар Кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Жалғыз акционермен Директорлар Кеңесінің жаңа мүшесін сайланған жағдайда жаңа мүшесінің өкілеттігі Директорлар Кеңесі өкілеттігінің мерзімі бастап сәтте бір уақытта аяқталады.

39. Директорлар Кеңесінің төрағасы оның мүшелері құрамынан директорлар Кеңесінің мүшелерінің жалпы санының көпшілігінің құпия дауыспен сайланады.

Директорлар Кеңесінің төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғымен бекітілген тәртіп бойынша:

1) Директорлар Кеңесін басқаруға және оның тиімді қызметін қамтамасыз етуге жауап береді;

2) Директорлар Кеңесі отырысының күн тәртібін бекітеді;

3) Орталықтың Директорлар Кеңесінің отырыстарын шақырады және арағалық етеді;

4) отырыстарда хаттама жүргізілуді ұйымдастырады;

5) Директорлар Кеңесі мүшелерінің тиімді жұмысы мен Директорлар Кеңесінің мүшелері мен Орталық Басқарманың мүшелері арасында конструктивтік қарым-қатынастарды қамтамасыз етеді;

6) Орталық атынан Орталықтың Басқарма басшысымен Директорлар Кеңесінің шешіміне сәйкес еңбек ақының мөлшерін, еңбек жағдайларын және әлеуметтік қолдауын бекітуімен еңбек шартын жасайды;

7) Директорлар Кеңесі мен Басқарма мүшелерінің сыйақы мөлшері мен зияраты жөнінде Жалғыз акционерді жыл сайын хабарлайды;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғымен көзделген ештеңе де функцияларын атқарады.

40. Директорлар Кеңесінің Төрағасы болмаған кезде, оның функцияларын Директорлар Кеңесінің шешімімен оның мүшелерінің біреуі атқарады.

41. Директорлар Кеңесінің отырысы оның Төрағасы немесе Басқарма бастамасымен шақырылуы мүмкін немесе:

1) Директорлар Кеңесінің кез – келген мүшесінің;

2) Орталықта аудит жүргізетін аудиторлық ұйым талабы бойынша шақырылады.

42. Директорлар Кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар Кеңесінің төрағасына Директорлар Кеңесі отырысының күн тәртібінде тиісті жазба сауал арқылы жүзеге асырылады.

Директорлар Кеңесінің төрағасы отырысты өткізуден бас тартқан кезде, бастамашыл талабын көрсетіп Басқармаға жүгінуге құқылы, ол Директорлар Кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар Кеңесінің отырысы, шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он бес күн кешіктірілмей Директорлар Кеңесінің төрағасы немесе Басқарма шақыруы қажет.

Директорлар Кеңесінің отырысы көрсетілген талапты ұсынған тұлғаны міндетті шақыруымен өткізіледі.

43. Директорлар Кеңесінің отырысын шақыру және өткізу тәртібі Заңмен анықталады. Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарландыру отырыстың күн тәртібі бойынша материалдарды қосуымен Директорлар Кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін он күннен бұрын кешіктірілмей жолдануы міндетті.

Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада отырыстың күні, уақыты және мекен-жайы, күн тәртібі көрсетілу керек. Сонымен қатар хабарламада Директорлар Кеңесінің қандай да мүшесі отырысқа қатыса алмаса ондай мүшенің күн тәртібі бойынша жазбаша түрде дауыс беру мүмкіндігі туралы түсіндірме берілу керек.

44. Директорлар Кеңесінің мүшелері Директорлар Кеңесінің отырысында конференцбайланысу (интерактивтік, аудиовизуалдық байланыс),

конференц-байланыс (Директорлар кеңесінің мүшелері бірізгіде «телефон арқылы кеңесу» тәртібінде сөйлесе алады), сонымен қатар, өзге де байланыс құралдары арқылы қатыса алады. Осындай отырыстарда Директорлар Кеңесі қабылданған шешімдерді ресімдеу тәртібі Директорлар Кеңесі туралы ережемен анықталады.

45. Директорлар Кеңесінің шешімдері Директорлар Кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы қабылдана атынады.

46. Сырттай дауыс беру арқылы Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарландыруға Директорлар Кеңесінің барлық мүшелеріне бірінші жасалған сырттай дауыс беру бюллетендері қоса беріледі.

Сырттай дауыс беру бюллетендерінде:

- 1) Орталықтың (оның атқарушы органның) толық атауы мен мекен-жайы;
- 2) отырысты өткізуді бастаған бастамашы туралы мәліметтер;
- 3) толтырылған және қолы қойылған дауыс беру бюллетенін ұсынудың соңғы мерзімі;

4) дауыс беруге қойылған мәселелердің нақты және біржақты қойылған мәселелері (мәселелер);

5) дауыс берудің «иә», «жоқ», «қалыс қалу» сөздерінің нұсқалары;

6) бюллетенді толтыру тәртібі жөнінде түсіндіру.

47. Директорлар Кеңесінің мүшесі оның Директорлар Кеңесінің отырысында қатыса алмайтыны туралы Директорлар кеңесінің Төрағасын 3 (үш) күнпарақ күннен кеш емес хабардар ет қажет. Отырыста болмаған Директорлар Кеңесінің мүшесі Директорлар Кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жазбаша түрде дауыс беруге құқылы. Осындай дауыс берудің тәртібі Орталықтың ішкі құжаттармен реттеледі.

48. Директорлар Кеңесі отырысының өткізу кворумы Директорлар Кеңесі мүшелерінің саны жартысынан кем болмаған жағдайда құрайды және байнеконференц арқылы байланысу (интерактивтік, аудиовизуалдық байланыс), конференц-байланыс (Директорлар Кеңесінің мүшелері бір мезгілде «телефон арқылы кеңесу» тәртібінде сөйлесе алады), сонымен қатар, өзге де байланыс құралдарды пайдалануымен, сондай-ақ Директорлар Кеңесінің отырысында болмаған мүшелерін ескеруімен (жазбаша түрде берілген дауыстары бар болған жағдайда) анықталады.

Осы тармақпен анықталатын Директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы саны кворумға дейін жетпесе, Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау (тағайындау) туралы мәселені Жалғыз акционердің қарауына шығару міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері осындай мәселені Жалғыз акционердің тек қарауына шығару жөнінде шешімді қабылдауға құқылы.

49. Директорлар Кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе осы Жарғымен басқа көзделмесе, Директорлар Кеңесінің шешімдері отырыста қатысқан Директорлар Кеңесі

мүшелерінің дауыстарының көпшілігімен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде Директорлар Кеңесі төрағасының немесе Директорлар Кеңесінің отырысында төрағалық ететін тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

Директорлар Кеңесі тек Директорлар Кеңесінің мүшелері қатыса алатын жабық отырысты өткізу туралы шешімді қабылдауға құқылы.

50. Директорлар Кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Орталықтың Директорлар Кеңесімен Заңды және Орталық Жарғысымен бекітілген тәртіпті бұзу арқылы қабылданған шешімге қарсы дауыс берген Орталықтың Директорлар Кеңесінің мүшесі осындай шешімге сот тәртібінде қарсы шығуға құқылы.

Көрсетілген шешімде Орталықтың және (немесе) ірі акционердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда, акционер Орталықтың Директорлар Кеңесімен Заңды және Орталық Жарғысының талаптарын бұзып қабылданған шешіміне сот арқылы қарсы шығуға құқылы.

51. Орталық мүдделі мәмілелерді жасау туралы шешім оның жасалуына мүдделі емес Директорлар Кеңесі мүшелерінің жәй көпшілік дауысымен қабылданады. Тәуелсіз директорларды қоспағанда, Директорлар Кеңесінің барлық мүшелерінің сондай мәмілені жасауында мүдделері бар болса, шешім тәуелсіз директорлардың көпшілік дауысымен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда, Орталықтың мүдделі мәмілені жасау туралы шешімін Жалғыз акционер қабылдайды.

Сырттай дауыс беру арқылы жасалған шешім бекітілген мерзімде жиналған бюллетендерде кворум болған жағдайда қабылданады. Директорлар кеңесінің сырттай отырыстың шешімі жазбаша түрде рәсімделіп, Директорлар Кеңесінің төрағасы мен корпоративтік хатшы қолы қояды, келесі мәліметтерді қамтиды:

- 1) Орталық Басқармасының толық атауы мен мекен-жайы;
- 2) сырттай отырыс шешімін жазбаша рәсімдеудің күні мен орны;
- 3) Директорлар Кеңесінің құрамы туралы мәліметтер;
- 4) отырысты шақырған тұлғаны (органды) көрсету;
- 5) отырыстың күн тәртібі;
- 6) шешім қабылдау үшін кворумның бары/жоғы туралы тіркеу;
- 7) дауыс беруге қойылған мәселелер, дауыс беру нәтижелерін Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі бойынша әр мәселе бойынша Директорлар кеңесінің әр мүшесінің дауыс беру нәтижелерін ескеруімен көрсету;

8) өзге де мәліметтер.

Шешімді рәсімдеу күннен бастап жиырма күннің ішінде оны Директорлар кеңесінің мүшелеріне осы шешім қабылданған негіздемесі ретінде бюллетендерді қосып жіберілу қажет.

52. Көзбе-көз тәртіпте өткізілген отырыстың барысында қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері хаттамамен рәсімделіп, отырыс өткен күннен

астап үш күн ішінде Директорлар Кеңесінің мүшелері мен корпоративтік хатшымен құрастырылады, қол қойылады, келесі мәліметтерді қамтиды:

- 1) Орталық Басқармасының толық атауы мен мекен-жайы;
- 2) отырысты өткізу күні, уақыты, орны;
- 3) отырыста қатысқан тұлғалар тралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және дауыс беру нәтижелері;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) күн тәртібі бойынша жазба хабарламаны жолдау арқылы Директорлар Кеңесі мүшесінің дауыс беру туралы тіркеу;
- 8) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.

53. Директорлар Кеңесінің отырыс хаттамалары және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдері, сондай-ақ қолы бар бюллетендер Орталықта сақталады.

Корпоративтік хатшы Директорлар Кеңесі мүшесінің талабы бойынша Директорлар Кеңесінің отырыс хаттамасы мен сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді және (немесе) қолы мен Орталықтың мөрі бар хаттама мен шешімдердің үзінді көшірмелерін танысу үшін беруге міндетті.

54. Ең маңызды мәселелерді қарастыру және Орталықтың Директорлар Кеңесіне ұсынымдар әзірлеу үшін Орталықтың Директорлар Кеңесінің жанында тұрақты негізде жұмыс жасайтын комитеттер құрылады.

Егер Орталықтың Директорлар Кеңесінің қарауына ұсынылған мәселе қандай болмасын комитеттің құзыретіне кірсе, міндетті түрде аталған мәселе сол комитетте алдын ала қаралады және ол бойынша қорытынды дайындалады.

Комитеттерді Директорлар Кеңесі Директорлар Кеңесі мүшелерінен құрады, олардың біреуі комитет төрағасы болып тағайындалады. Қажет болған жағдайда комитет құрамына жұмыс істеуге қажетті білімі бар сарапшылар қосыла алады. Комитет мүшелерінің өкілеттік мерзімі олардың Директорлар Кеңесінің мүшелері ретінде өкілеттік мерзімімен сай, бірақта оларды Директорлар Кеңесі жыл сайын қайта қарайды.

11. Орталық Басқармасы

55. Орталықтың ағымдағы қызметіне басышылықты - атқарушы орган қоса асырады, ол Басқарма төрағасынан және оның орынбасарларынан, жалпы құрамы – кем дегенде 3 (үш) адамнан тұрады. Басқарма мүшелері ретінде өзге тұлғалардың атқарушы органдарының мүшелері бола алмайды. Басқарма мүшелері оның басшысының ұсынысы бойынша сайланады.

56. Басқарма мүшесі Орталықтың Директорлар Кеңесінің келісімімен ғана өзге ұйымдарда жұмыс істей алады.

57. Басқарма мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Заңмен және көрсетілген тұлғаның Орталықпен жасалған еңбек шартымен анықталады. Орталық атынан еңбек шартқа Басқарма төрағасы, Директорлар

Кеңесінің төрағасы немесе Жалғыз акционер, не Директорлар Кеңесі уәкілеттігін тапсырған тұлға қол қояды.

Орталық оның Басқармасы егер мәмілелерді жасаған сәтте ондай шектеулер туралы білгендерін дәлелдейтін болса, Орталық белгілеген шектеулерді бұзумен жасалаған мәмілелердің жарамдылығымен келіспеуге құқылы.

58. Басқарма Жалғыз акционердің және Директорлар Кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

59. Басқарма отырыстары қажетіне қарай Басқарманың кез - келген мүшесінің бастамасымен, кем дегенде бір айда бір рет шақырылады.

Басқарманың шешімдері Басқарма мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады және хаттамамен ресімделеді.

Дауыстар тең болған жағдайда Басқарма төрағасының немесе Басқарма отырысында төрағалық ететін тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

Хаттамаға осы отырысқа қатысқан Басқарма мүшелерімен қол қойылады.

Басқарманың қарауына шығарылған мәселелер бойынша шешімдер сырттай дауыс беру арқылы қабылдану және осындай шешімдерді қабылдау тәртібін бекіту мүмкін.

60. Басқарма төрағасы:

1) Жалғыз акционердің, Директорлар Кеңесі мен Басқарма шешімдерін іске асыруды ұйымдастырады;

2) Орталық пен үшінші тұлғалар арасындағы қарым-қатынастарда Орталық атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) Орталық пен үшінші тұлғалар арасындағы қарым-қатынастарда Орталықты ұсыну құқығына сенімхаттар береді;

4) бұйрықтарды шығарады және Орталық қызметінің барлық мәселелері бойынша нұсқаулар береді;

5) Орталық қызметкерлерін қабылдау, орналастыру және босатуды жүзеге асырады (Заңмен белгіленген жағдайлардан басқа), оларға алғы параларын және тәртіптік сөгістерді қолданады, Орталық қызметкерлерін жуазымдық еңбекақы көлемін және жеке үстемақы мөлшерлерін Орталықтың штаттық кестесіне сәйкес айқындайды, Орталық Басқармасы құрамы мен Орталықтың ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерден басқа Орталық қызметкерлеріне сыйақы мөлшерлерін анықтайды;

6) өзі болмаған кезде, міндеттерін Басқарма мүшелерінің біріне тапсырады;

7) Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, сонымен қатар уәкілеттік саласы мен жауапкершілікті бөледі;

8) Директорлар Кеңесіне бекіту үшін Орталықтың бес жылдық мерзімге жаму жоспарын ұсынады;

9) Орталық Жарғысымен, Жалғыз акционер мен Орталықтың Директорлар Кеңесімен айқындалған өзге де функцияларды атқарады.

61. Төраға осы Жарғымен, Жалғыз акционер мен Директорлар Кеңесінің шешімдерімен тапсырылған міндеттерді іске асыруына жеке жауап береді.

62. Басқарма төрағасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысты ұйымдастырады және аталған жұмысқа жеке жауап береді.

12. Орталықтың Ішкі аудит қызметі

63. Орталықтың Ішкі аудит қызметі Орталықтың Директорлар Кеңесінің шешімімен құрылады.

64. Ішкі аудит қызметі Орталықтың Директорлар Кеңесімен бекітілетін ішкі аудит қызметі туралы ережесіне сәйкес Орталықтың қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жүргізетін органы болып табылады.

65. Орталықтың Ішкі аудит қызметі құрылған кезде құрамына (бір) адам кіреді.

Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар Кеңесінің құрамын және Басқармаға сайлана алмайды.

66. Ішкі аудит қызметі Директорлар Кеңесіне тікелей бағынып, оны алдында өз жұмысы туралы есеп береді, Орталықтың басшысына және құрылымдық бөлімдері басшыларына еркін және тәуелсіз қолжетімді.

67. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерді тағайындау, еңбек ақыны мөлшері мен еңбек ақыны төлеу, сыйлықақыларды беру тәртібі Орталықтың Директорлар кеңесімен бекітіледі.

13. Орталықтың қаржылық есебі және аудиті

68. Орталықтың бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілігі туралы заңнамасына, Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған, Орталықтың Директорлар Кеңесі бекітетін есеп беру саясаты сәйкес жүзеге асырылады.

69. Жылдық қаржылық есеп: бухгалтерлік балансын, кірістер мен шығыстар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, меншікті капиталда өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

70. Орталықтың жылдық қаржылық есептілігі (түсіндірме жазба қоспағанда) және аудиторлық есепті Жалғыз акционер оны бекіткеннен кейін күнпарақтық 30 күннен кешіктірмей таралымы 30 (отыз) мың данадан асатын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

71. Орталықтың жылдық қаржылық есептілігі Жалғыз акционерге оқшаулауға шығарған күнге дейін күнпарақтық 30 (отыз) күннен кешіктірмей Орталықтың Директорлар Кеңесінде алдын ала бекітуге жатады. Орталықтың жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекітуді Жалғыз акционер жүргізеді.

72. Орталық жылдық қаржылық есебінің аудитін жүргізуге міндетті.

73. Орталықтың статистикалық есебі мен есептілігі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

74. Орталық директоры жыл сайын белгіленген мерзімде Директорлар кеңесіне Орталықтың бес жылға арналған даму жоспарын ұсынады, бұл ретте алғашқы жоспарлы кезең ашық (кеңейтілген) түрде, қалған жылдар регистрленген (жиынтық) түрде жылдарға бөлініп беріледі.

14. Орталықтың акционерлері және лауазымды тұлғалардың өздерінің аффилирленген тұлғалары туралы ақпарат беру тәртібі

75. Орталық осы тұлғалар ұсынған мәліметтер негізінде өзінің аффилирленген тұлғаларының есебін жүргізеді.

76. Орталықтың аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат болып табылмайды. Орталықтың аффилирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар өзінің аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтерді аффилирлену туындаған күннен бастап жеті күн ішінде Орталыққа ұсынуға міндетті.

77. Орталық өзі белгіленген тәртіппен уәкілетті органға өзінің аффилирленген тұлғаларының тізімін ұсынуға міндетті.

15. Орталыққа ақпарат беру тәртібі

78. Орталық өзінің акционерлерінің назарына өзінің қызметі туралы ақпаратты, Заңға және Жарлыққа сәйкес акционерлердің мүдделерін қозғайтын ақпаратты жеткізеді.

Орталықтың Жалғыз акционерінің мүдделерін қозғайтын ақпараттар мыналар болып танылады:

1) Жалғыз акционер және Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;

2) Орталықтың акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды шығаруы және уәкілетті органның Орталықтың бағалы қағаздарын орналастыру туралы есептерді, Орталықтың бағалы қағаздарын өтеу туралы есептерді бекітуі уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарының күшін жоюы;

3) Орталықтың ірі мәмілелерді және жасалуына Орталықтың мүддесі бай мәмілелерді жасасуы;

4) Орталық активтерінің бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Орталықтың мүлкін кепілге (қайтадан кепілге) беруі;

5) Орталықтың өз капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерде қарыз алуы;

6) қызметтің қандайбір түрлерін жүзеге асыруға Орталықтың лицензиялар алуы, қызметтің қандай бір түрлерін жүзеге асыруға Орталықтың алған лицензиялары қолданысын тоқтату немесе тоқтатылуы;

7) Орталықтың заңды тұлға құруға қатысуы;

8) Орталықтың мүлкіне тыйым салынуы;

9) нәтижесінде баланстық құны Орталық активтерінің жалпы мөлшерінің және одан да көп пайызын құрайтын Орталық мүлкі жойылған төтенше жағдайдағы мән-жайлардың болуы;

10) Орталықтың және оның лауазымды тұлғаларының әкімшілік жауапкершілікке тартылуы;

11) Орталықты мәжбүрлеу арқылы қайта ұйымдастыру туралы шешім;

12) сотта корпоративтік дау бойынша істің қозғалуы;

13) осы Жарғыға, сондай-ақ Орталықтың бағалы қағаздарды шығару перспектілеріне қатысты Орталықтың Жалғыз акционерінің және инвесторлардың мүдделерін қозғайтын өзге де оқиғалар туралы ақпаратты жеткізуге міндетті.

79. Корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат беру «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Орталықтың осы Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады. Сотта корпоративтік дау жөнінде іс қозғалу туралы ақпарат Орталықтың корпоративтік дау жөніндегі азаматтық іс бойынша тиісті сот хабарламасын (шақыру) алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде Жалғыз акционерге берілуге тиіс.

Орталық қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа Орталық қызметкерлері тізімінің міндетті түрде жүргізілуін қамтамасыз етеді.

80. Орталықтың құжаттары, оның қызметіне қатысты қызметінің барлық ішкі іс-әремі ағымында, Орталықпен Басқарманың орналасқан жерінде немесе Басқарма шешімі бойынша өзге жерде сақталуы тиіс.

81. Жалғыз акционердің талабы бойынша Орталық оған Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында көзделген құжаттардың көшірмелерін Орталыққа осындай талап келіп түскен күннен бастап күнпарақ он күннен кешіктірмей беруге міндетті, бұл ретте қызметтік, коммерциялық немесе заңмен Орталыққа өзге де құпияны құрайтын ақпаратты беруге шектеулер енгізуге болады.

16. Орталықтың мүлігі

82. Орталықтың мүлігі мыналардың есебінен құралады:

1) акционерлер Орталықтың акцияларына төленген мүліктен;

2) оның қызметі нәтижесінде алынған кірістерден;

3) өзге де мүліктерден, Қазақстан Республикасының заңнамасымен рұқсат етілген негіздемелер бойынша алынған.

83. Орталықтың жарғы капиталының ұлғаюы Орталықтың таратылған акцияларды орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

84. Орталықтың таза кірісі Орталықтың таза кірісі (салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін) Орталықтың елігінде қалады және Жалғыз акционердің шешімімен көзделген тәртібі бойынша Орталықты дамытуға жіберіледі.

17. Орталықты қайта ұйымдастыру және тарату

85. Орталық Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы және таратылуы мүмкін.

86. Таратылған Орталықтың қалған мүлкі, кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен таратылады.

Таратылған Орталықтың акшасы, Орталық мүлкін сатудан алынған қаражатты қосқанда, кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін республикалық бюджеттің кірісіне қосылады.

87. Орталықты қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі Қазақстан Республикасының Заңымен және өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

18. Қорытынды ережелер

88. Орталық өз қызметінде осы жарғыны және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін басшылыққа алады.


89. Заңды тұлғаның құқықтық қабылеті оны құрған сәттен басталады және оны таратқан сәттен аяқталады. Заңды тұлғаның қажетті қызмет саласына рұқсат алу ондай рұқсатты алған сәттен басталады және рұқсат алынған сәттен бастап немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен жарамсыз деп танылғанда тоқтатылады.

**Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру
комитетінің төрағасы**



Э. Өтепов

КОПИЯ



Утвержден
приказом Председателя
Комитета государственного
имущества и приватизации
Министерства финансов
Республики Казахстан
от «19» *февраля* 2016 года
№ 195

**Устав
некоммерческого акционерного общества
«Центр поддержки гражданских инициатив»**

**СМОТРИ
НА ОБОРОТЕ**

1. Общие положения

1. Настоящий Устав некоммерческого акционерного общества «Центр поддержки гражданских инициатив» (далее – Центр) определяет его наименование, местонахождение, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

2. Центр является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанность, быть истцом и ответчиком в суде.

3. Центр создан как некоммерческая организация (не имеющая цели извлечения прибыли), доходы которой используются исключительно на развитие Центра.

4. Центр имеет печать, бланки со своим наименованием и иные реквизиты, необходимые для осуществления деятельности.

5. Центр в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан, Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах» (далее - Закон) и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, а также настоящим Уставом.

6. В порядке, предусмотренном законодательными актами Республики Казахстан, Центр вправе создавать филиалы (представительства), расположенные вне места его нахождения, не являющиеся юридическими лицами и действующие от имени и по поручению Центра на основании Положения о них.

2. Наименование и место нахождения исполнительного органа Центра

7. Полное наименование Центра:

- 1) на государственном языке – «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» қомерциялық емес акционерлік қоғамы;
- 2) на русском языке – некоммерческое акционерное общество «Центр поддержки гражданских инициатив»;
- 3) на английском языке – non - profit joint stock company «Center for supporting civil initiatives»;

8. Сокращенное наименование Центра:

- 1) на государственном языке – «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ;
- 2) на русском языке – НАО «Центр поддержки гражданских инициатив»;
- 3) на английском языке – JSC «Center for supporting civil initiatives».

9. Место нахождения Центра (его Правления): Республика Казахстан, 100000, г. Астана, ул. Орынбор, 8, подъезд 15, 2 этаж, кабинет 241.

3. Учредительные документы Центра

10. Учредительным документом Центра является настоящий Устав.

11. Все заинтересованные лица вправе ознакомиться с Уставом Центра в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

4. Основные предметы и виды деятельности Центра

12. Основными предметами деятельности Центра является предоставление государственных и негосударственных грантов неправительственным организациям и осуществление мониторинга за их реализацией.

